

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы байланыс саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 16 ақпан N 130

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1998 жылғы 23 қазанда Баку қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Байланыс саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан
Республикасының Үкіметі арасындағы Байланыс
саласындағы ынтымақтастық туралы
Келісім

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2000 ж., N 2, 20-құжат)
(1999 жылғы 8 сәуірде күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 80 бет)

Бұдан былай Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі,

Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасы халықтарының арасындағы тең құқықтық және өзара тиімді ынтымақтастыққа негізделген қазыргі бар байланыстарды дамытуға ұмтылысты басшылыққа ала отырып, телекоммуникациялар және почта байланысы саласындағы екі жақты қарым-қатынастар Бүкіләлемдік почта одағы актілерінің ережелеріне және Халықаралық электр байланысы одағының ұсыныстарына, сондай-ақ өзге де халықаралық шарттарға сәйкес құрылуы тиіс екендігін назарға ала отырып,

телекоммуникациялар және почта байланысы саласындағы өзара іс- қимыл мен ынтымақтастық өзара көмек негізінде дамуы тиіс деп есептей отырып,

Тараптар арасында байланыс құралдарының үздіксіз қызмет етуін қамтамасыз ету үшін тығыз құқықтық, экономикалық және технологиялық қарым-қатынастарды орнатуды қалай отырып, төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

Телекоммуникациялар және почта байланысы саласындағы ынтымақтастықты халықаралық құқықтың жалпыға ортақ нормалары мен принциптеріне, Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарына, Бүкіләлемдік почта одағы актілерінің ережелеріне және Халықаралық электр байланысы одағының ұсыныстарына сәйкес жалғастыру әрі кеңейту, өз өкілеттіктері мен мүмкіндіктері көлемінде қызмет ету.

2 - б а п

Телекоммуникациялар және почта байланысын ұйымдастырудағы барлық өзгерістер туралы, сондай-ақ байланыс қызметін көрсету үшін өзара есеп айырысудың тәртібі туралы осы өзгерістер ұсынылған күнге дейін бір- біріне үш ай бұрын алдын ала х а б а р л а у .

3 - б а п

Өз мемлекеттерінің аумағы арқылы телекоммуникациялардың, почта жіберілімдерінің және арнайы байланыстың барлық қызмет түрлерінің, теледидар және радиохабарлар бағдарламаларын берудің еркін транзитінің жүзеге асырылуын өзара тиімді шарттармен кепілдеу. Транзит Тараптар органдарының алдын ала уағдаластықтары және бекітілген маршрут, кесте және тарифтер бойынша жүзеге а с ы р ы л а д ы .

4 - б а п

Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасының арасында ақшалай почта аударымдарымен алмасу тәртібі және қолма-қол ақшамен өзара есеп айырысуды жүзеге асыру Тараптардың тиісті ведомстволарының арасындағы арнайы Келісімдермен а й қ ы н д а л а д ы .

5 - б а п

Электр байланысы саласындағы осы Келісімді орындаудан туындайтын есеп айырысулар мен төлемдер Тараптардың байланыс әкімшіліктерінің арасындағы қолданыстағы келісімдерге сәйкес жүргізілетін болады.

Байланыс қызметін көрсету бойынша барлық өзара есеп айырысулар Тараптар мемлекеттерінің қолданыстағы заңдарына сәйкес тиісті қызметтер және уәкілетті банктер арқылы орталықтандырылып жүзеге асырылатын болады.

6 - б а п

Тараптар байланыс әкімшіліктерінің қызметіне үшінші мемлекеттерде және тиісті халықаралық ұйымдарда кедергі жасайтын немесе қиындататын кемсітушілік шараларын бірі-біріне қолданбау.

7 - б а п

Екінші Тараптың радио және теледидар бағдарламалары мен мерзімді басылымдарын Тараптар немесе олардың тиісті ведомстволарының арасындағы шарттар мен келісімдерде белгіленген көлемде жаздырып алдыру және бөлшек саудамен алу бойынша өз мемлекетінің аумағында таратуды ұйымдастыруға бір-біріне жәрдемдесу.

8 - б а п

Қажет болған жағдайда, өз құзыретінің шеңберінде өз мемлекетінің қолданыстағы ережелерімен және ұлттық заңдарымен, халықаралық шарттармен, Халықаралық электр байланысы одағының ұсыныстарымен шекаралас аудандарда радиожііліктердің пайдаланылуын үйлестіру. Осындай үйлестіру хат-хабар ламасу немесе жекелеген келісімдерге қол қою жолымен жүзеге асырылады.

9 - б а п

Қызмет көрсетуге қатысушы барлық байланыс кәсіпорындары тұтынушылар алдында уақытылы және сапалы қызмет көрсету үшін тең дәрежеде жауапты. Халықаралық байланыс желілерінің сапасыз жұмысына шағымды қараудың тәртібі Бүкіләлемдік почта одағының актілермен және Халықаралық электр байланысы одағының ұсыныстарымен белгіленеді.

1 0 - б а п

Байланыс кәсіпорындарының телефоншылары, телеграфшылары, техникалық қызметшілері, почта қызметкерлерінің арасында қызметтік ақпарат алмасу үшін, сондай-ақ қызметтік құжаттармен алмасу үшін орыс және ағылшын тілдерін пайдалану.

Тараптар мемлекеттері жіберетін почта жіберілімдері мен жеделхаттардың мекен-жайлары орыс тілінде немесе латын әріптерімен ресімделеді.

Жеделхаттардың мәтіндері латын әріптерімен қабылдануы және тапсырылуы м ү м к і н .

1 1 - б а п

Мемлекетаралық хабарлар және ақпарат берудің байланыс кәсіпорындарындағы технологиялық процестерінде Тараптар бірыңғай есептеу-есеп беру - мәскеу уақытын қ о л д а н а д ы .

1 2 - б а п

Өз жедел-техникалық басқару жүйелерінің өзара іс-қимылдарына қолданыстағы технологиялық процестерге сәйкес жәрдемдесу.
Хабарлардың төтенше жағдайларда байланыс құралдары бойынша басымдылықпен берілуін қамтамасыз ету.
Мемлекетаралық байланыс желілеріндегі апаттар зардаптарын жою кезінде өзара көмек көрсету.
Қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезіндегі өзара іс-қимыл тәртібін Тараптардың байланыс әкімшіліктері әзірлейді және келіседі.

13-бап

Мемлекетаралық маңызы бар байланыс объектілерін салу мен пайдаланудың нормалар мен ережелерін үйлестіру.

14-бап

Осы Келісімді түсіндіру мен қолдану мәселелері бойынша туындайтын дауларды өздерінің құзыретті органдарының келіссөздерін жүргізу жолымен шешу.

15-бап

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК